Бала асырап алу - заңи акт. Ол баланың және оны тәрбиелеуге алған адамның арасындағы құқықтық қарым-қатынастарда айқындайды. Негізінен, кәмелетке толмаған балаларға қатысты әрі солардың мүддесіне орай жүзеге асуға тиіс. 1998 жылы 17 желтоқсанда қабылданған ҚР-ның „Неке және отбасы туралы" заңында Бала асырап алудың тәртібі, оның құқықтық салдары, тиісті адамдардың заңи міндеттері мен жауапкершіліктері т.б. егжей-тегжейлі қарастырылған. Баланы тәрбиесіне алуға тілек білдірген адамның өтініші бойынша бала асырап алу ісін сот қарап азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген ережелер бойынша жүзеге асады. Заң бойынша ҚР-ның азаматы болып саналатын балаларды, егер ел аумағында тәрбиелеу мүмкіндігі болмаса шетелдік азаматтардың немесе республика территориясынан тыс жерде тұратын туыстарына рұқсат етілген. Жалпы қазақ ұғымында „асырау", „асыранды" сөзі итке жануарларға қатысты ғана айтылған, кемсітушілік астары мол лексема саналады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ